



Сағынышпен еске аламын, студенттік жылдарымды...



Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетін осыдан 30 жыл бұрын тәмамдаған түлектердің бірі – университеттің басқарма төрағасының орынбасары, тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры Ақылбек Сұлтанов.

маусымдық жұмыстары. Ақылбек Ұзақбайұлы 1-курсты бітірген жылы олар «Студенттер құрылыс отрядымен» бірге бұрынғы Тайпак ауданына қарасты Зауральный совхозына үй салуға барғанын айтты. Жәрдем Байғалиев есімді «Дене шынықтыру кафедрасының» мұғалімі студенттердің командирі болып бірге барған. Жаз маусымының шілде-тамыз айларында жастар саман тас соғып, содан үй тұрғызып, үлкен жұмыс атқарған. Бұл кезде де студент Сұлтанов замандастарының алды болып, отряд комиссары болып бекітілген. Ал қыркүйек айында студенттерді қазіргі Бәйтерек ауданындағы ауылдардың біріне картоп теруге апарды. – Әрине құрылыс отрядтарының әр маусымы қызықты өтетін. Тұрағымыз – ауылдағы клуб ғимараттары. Ауылдың жергілікті бозбалаларының көзі бірден біздің бойжеткендерге түсетін. Біз барымызша қыздарымызды қорғап жүретінбіз. Ауылдағы би кештеріне ұрланып барып қайтатынбыз, – деп есіне алды «отряд комиссары».

Екінші курстан кейін механикалық отрядтар құрылып, жұмысшы студенттер әр ауданға бөлінген. Әрине, мұндай қоғамдық жұмыстарға қатысқан жастарға жалақы да төленген. Құрылыс отрядтарының құрамында командир, комиссар және дәрігер болады екен. Ақылбек Ұзақбайұлының қарамағындағы отрядтың дәрігері Ақтөбе медициналық институтының студенті Гүлнәр Зұлпыхарова болыпты.

Кейін өнімді еңбек еткен отряд белсенділеріне үлкен қалаларға жолдама берілгені сол жылдардағы студенттердің әлі есінде шығар. Бұл да – студенттерді жігерлендіретін мүмкіндік екені сөзсіз. Ақылбек Ұзақбайұлы да осындай жетістіктерімен көзге түсіп, Белоруссияның Минск қаласына баратын облыс студенттерінің тізіміне іліккен. Ол кезде Оралдағы екі жоғары оқу орнынан (А.Пушкин атындағы педагогикалық институт пен Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институты) Минск қаласына 20 шақты студент барған. Мұндай керемет мүмкіндік

үшінші курстан соң да туындап, оралдық белсенді студенттер жолдамамен Польша, Латвия, Үндістан елдеріне сапарлап қайтқан. Бұл кезде Ақылбек Ұзақбайұлы аудан деңгейіндегі студенттер құрылыс отрядына жетекшілік еткен.

Осындай естен кетпес сәттермен өрілген студенттік кез зымырап өте шығып, «Агрономия» факультетінің қыз-жігіттері 1991 жылы оқуларын тәмамдайды. Олардың арасында Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау, Шымкент, Қызылорда облыстарынан келгендер де болған. Қолдарына дипломдарын алған түлектер ауыл шаруашылығы, білім, ішкі істер салаларына қызметке орналасқан. Бүгінде Елордадағы Орталық сайлау

Сәния Жұбатырова, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы Браун Эдуард, доцент Алексей Бакалдин, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты Виктор Архипкин, доценттар Лидия Доровская, Надежда Дворянинова, Клара Таренова, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы Василий Вьюрков, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты Мәди Габдулов сынды ұлағатты ұстаздардың алдын көрген.

Ұстаздары туралы айтқан Ақылбек Ұзақбайұлы оларға шәкірттерінің ыстық ықыласы әлі күнге ерекше екенін жеткізді. Оқытушыларын қатты құрметтеген студенттер мұғалім мен шәкірттің арасындағы сыйластыққа баса мән бергенін айтты.

– Біздің кезімізде студенттер өте ұйымшыл, тату болатын. Оралдағы қос институттың арасында байқаулар ұйымдастырылатын. Түрлі кездесулер, сенбі сайын би кештері өтетін. Қоғамдық іс-шараларға бола студенттер сабақтан



комиссиясының мүшесі Әділхан Бижанов пен Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасын басқарып отырған Қаймен Есендияров та – сол жылғы түлектер. Арада ұзақ уақыт өтсе де түлектер әлі күнге әлеуметтік желілер арқылы бір-бірімен хабарласып тұрады.

Отыз жыл бұрын түлеп ұшқан студенттер қазіргі экономика ғылымдарының докторы Халел Құсайынов, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы

сұрану дегенді білмейтін. Бәріне уақыт табатын еді. Бір жатақханада тұрған қыз-жігіттер арада 30 жыл өтсе де, әлі күнге бір-бірін танып жатады. Ал қазіргі кей студенттер өзімен бірге оқитын замандастарын танымай жатады, – дейді кейіпкеріміз.

Ол жылдары институтта үш жатақхана, асхана және буфет болған екен. Студенттерге жатақхана алу біраз қиындық тудырғанын да жасырмады. Бірінші кезекте жатақханаға студенттер отбасылық жағдайы мен денсаулығына байланысты алынған және әскерден келгендер орналастырылған.

Ол жылдарда да студенттердің сабақтан бос уақытта жұмыс жасауы қалыпты жағдай болған. Алайда қазіргідей сан алуан жұмыс түрін таңдауға мүмкіндік жоқ. Студенттер Ет комбинаты мен Теміржол бекетіне ғана барып, жалдамалы жұмыстар жасайды екен. Ақылбек Ұзақбайұлының сөзінен ол кезде студенттердің ата-анасынан себепсіз ақша сұрауға ыңғайсызданатынын білдік. Көпшілігі бір айлық шәкіртақыларын үнемдеп, келесі айға жеткізе білген. Оған қоса жастардың бос уақытта қаладағы кинотеатрларға баруы дәстүрге айналған.

Студенттік жылдары туралы сағынышпен әңгімелеген кейіпкеріміз биыл 30 жылдық кездесуде бірге білім алған дос-жолдастарымен жүздесетінін жеткізді. Арадағы уақыт ұрлаған жастық шақтары болмаса, бір-біріне деген көңілдері қаз-қалпында. Ерекше әсерге толы кездесу болары анық.

Ләззат ҚАЖЫМОВА

